

## «ЦИФРЛЫҚ БИЗНЕС-КРЕДИТ» ӨНІМІ БОЙЫНША БАНКТІК ШОТ ШАРТЫ

Осы «Цифрлық бизнес-кредит» өнімі бойынша банктік шот шартымен (бұдан әрі - Шарт) «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - Банк) Клиентпен ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабу бойынша операцияларды жүзеге асыру шарттары мен тәртібі айқындалады. Осы Шарттың мәтіні бойынша клиент Банкпен осы Шартты жасасқан жеке кәсіпкер (Қазақстан Республикасының азаматы) болып табылады. Осы Шарттың мәтіні Банктің интернет-ресурсында орналастырылған: [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz).

### 1. ШАРТ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың талаптары стандартты нысанда айқындалған және Клиент осы Шартқа № 1 қосымша болып табылатын нысан бойынша осы Шартқа қосылу туралы Өтінішке (бұдан әрі мәтіні бойынша - Өтініш) қол қою арқылы ғана қабылдауы мүмкін. Клиенттің осы Шартқа Өтінішке қол қоюы Клиенттің осы Шартқа тұтастай қосылуын білдіреді.

1.2. Клиент қол қойған Өтініш пен осы Шарттың негізінде Банк Клиентке екі ағымдағы шот (бұдан әрі - Шот) ашады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және оған сәйкес белгіленген, банк практикасында қолданылатын банк қағидаларында бекітілген Шот (-тар) бойынша операцияларды орындайды.

1.3. Шарт бойынша Клиентке мынадай Шоттар ашылады:

- 1) Шарттың 1.4-тармағында көрсетілген шектеулермен Банк Клиентке берген қарыз бойынша ақша есептейтін ағымдағы шотты (әрі қарай - шектеулері бар шот);
- 2) Шектеулері жоқ ағымдағы шот (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулерді қоспағанда) (бұдан әрі – Шектеулері жоқ шот).

Шоттардың деректемелері (жеке сәйкестендіру коды) және валютасы Өтініште көрсетіледі.

1.4. Клиенттің қарызды мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Банк шектеулері бар Шотта ескерілетін ақшаны пайдалану бағытын бақылауға құқылы, сондай-ақ шектеулері бар Шотта ескерілетін ақшаға иелік ету бойынша келесі шектеулерді белгілейді:

#### **Жеке бағдарлама аясындағы қаржыландыру кезінде:**

- Клиент немесе үшінші тұлғалар ақшаны қолма-қол/қолма-қол ақшасыз тәсілмен шектеулері бар Шотқа енгізе алмайды (аудары алмайды);

#### **Даму бағдарламасы аясында қаржыландыру кезінде\***

- Клиент немесе үшінші тұлғалар ақшаны қолма-қол/қолма-қол ақшасыз тәсілмен шектеулері бар Шотқа енгізе алмайды (аудары алмайды);

- шектеулері бар Шоттан қолма-қол ақша берілмейді;

- шектеулері бар Шот бойынша төлем тағайындалу коды Өтініште көрсетілгендерге сәйкес келетін Клиенттің ақша аудару туралы нұсқаулары ғана орындалады;

- Клиентке шектеулері бар Шоттағы ақшаны Клиентке тиесілі басқа ағымдағы шоттарға аудары алмайды.

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

1.5. Шарт Клиент Банктен алған және ол Банктің сайтында енгізген бірреттік (біржолғы) кодты пайдалана отырып, Клиент Өтінішке қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі, ал Шоттардың кез келгені ашылған сәттен бастап күшіне енеді.

1.6. Шектеулері жоқ шот Банк Клиентке «Цифрлық бизнес-кредит» өнімі бойынша, оның ішінде Қағидаларға байланысты емес қарыз беру туралы шешім қабылдаған жағдайда және осындай шешім қабылданған күні ашылады. Шот Банк Клиентке «Цифрлық бизнес-кредит» өнімі бойынша Қағидалар шеңберінде қарыз беру туралы шешім қабылдаған жағдайда және осындай шешім қабылданған күні ашылады.

## **2. ШОТТЫ БАСҚАРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.**

2.1. Клиент Банктегі Шоттағы (Шоттардағы) ақшаға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен және тәсілдермен билік етеді.

2.2. Осы Шартты жасасу арқылы Клиент Банкке банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы және Клиенттің қосымша келісімін алмай және оны хабардар етпей, Шарт бойынша немесе Клиент пен Банк арасында жасалған өзге де шарттар бойынша оның алдында пайда болған берешек мөлшерінде Банкпен Шоттан ақша алуға келісім береді.

## **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

### **3.1. Банк міндетті:**

3.1.1. Клиент қажетті құжаттарды ұсынған кезде Клиентке Шот(-тар) ашуға және Банк Тарифтеріне сәйкес Шот(-тар) ашу үшін комиссиялар төлеуге;

3.1.2. уәкілетті органды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Шот(-тар) ашу және жабу туралы хабардар етуге;

3.1.3. Клиент ақшасының сақталуын қамтамасыз етуге;

3.1.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес операциялардың банктік құпиясын сақтауға;

3.1.5. Шартта көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Клиенттің Шотынан (Шоттарынан) және Шотына (Шоттарына) ақша аудару және есептен шығару бойынша операцияларды жүзеге асыруға;

3.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің ақшасын алу және Клиенттің шоты (шоттары) бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы үшінші тұлғалардың нұсқауларын/талаптарын орындауға;

3.1.7. Клиентке және оның сенім білдірілген тұлғаларына олардың талап етуі бойынша Шот (-тар) бойынша үзінді көшірмелер мен оларға қосымшаларды қағаз жеткізгіштерде ұсынуға, сондай-ақ Клиенттің жазбаша өтініші негізінде өзге байланыс арналары бойынша Шоттың (Шоттардың) жай-күйі туралы ақпаратты Клиентке беруге;

3.1.8. есептік қызмет көрсету және кассалық операцияларды жүргізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

3.1.9. Клиент Банкке тікелей жүгінген сәттен бастап операциялық күн ішінде Шот (-тар) бойынша төлем құжаттарын олардың орындалуы туралы белгісін қоя отырып (қажет болған жағдайда) ұсынуға;

3.1.10. Банктің операциялық залдарында, [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) интернет-ресурсында және өзге де байланыс арналары арқылы тиісті хабарландыруларды орналастыру арқылы осы Шарт бойынша қызмет көрсету Тарифтері мен өзге де талаптарының өзгергені туралы Клиентке хабарлауға;

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

3.1.11. қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық қажетті іс-шараларды жүргізуге.

### **3.2. Клиент міндетті:**

3.2.1. Банктің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банкке Шот (-тар) ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ операцияның егжей-тегжейін нақтылайтын қажетті қосымша құжаттарды не Шот (-тар) бойынша операциялар жүргізу және өзге де банктік қызметтер көрсету кезінде Клиенттің қызметі қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастырумен (жылыстатумен) немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты емес екенін айқындауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттарды ұсынуға;

3.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде есептік қызмет көрсету және кассалық операцияларды жүргізу мәселелері бойынша, сондай-ақ Банк Шотқа (Шоттарға) қызмет көрсету бойынша белгілеген талаптарды сақтауға;

3.2.3. Шоттан қолма-қол ақшаны шектеусіз алу үшін өтінімді оны алған күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;

3.2.4. операцияны жүргізу және Банк Тарифтеріне сәйкес операцияларды жүргізгені үшін Банкке сыйақы төлеу үшін қажетті Шотта (Шоттарда) ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

3.2.5. Банкке төлем деректемелерінің, өз атауының барлық өзгерістері, орналасқан жерінің, нақты, заңды мекенжайының, байланыс құралдарының нөмірлері мен атауларының және басқа да деректемелердің өзгеруі туралы, Шоттағы (Шоттардағы) ақшаға билік ету (оның ішінде сенімхат негізінде) құқығы бар тұлғалардың ауысуы туралы, сонымен қатар тіркеу құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, тарату туралы шешім қабылдау (оның ішінде сотпен) туралы жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың кез келгені туындаған кезден бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде Банк бөлімшесіне жүгіну арқылы жазбаша хабарлауға;

3.2.6. басқа банктерде банктік шоты (шоттары) ашылған жағдайда, осындай шоттың (шоттардың) деректемелерін көрсете отырып, олар ашылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде банкті жазбаша хабардар етуге;

3.2.7. осы Шарттың 4-бөлімінде белгіленген тәртіппен Банк қызметтерінің құнын төлеуге;

3.2.8. Клиент айқындайтын кезеңділікпен, бірақ айына кемінде 1 (бір) рет Шот (-тар) бойынша ақша қозғалысы мен қалдықтары туралы үзінді көшірмелер алуға. Ақшаны өзінің Шотына (Шоттарына) қате аудару фактісі анықталған жағдайда, Шот (-тар) бойынша үзінді көшірмені алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкті жазбаша хабардар етуге және қате аударылған ақшаны дереу Банкке қайтаруға;

3.2.9. төлем құжатын орындаудың дұрыстығын айқындауға және рұқсат етілмеген төлем құжаты орындалған жағдайда Банк бөлімшесіне жүгіну арқылы ол анықталғаннан кейін 1 (бір) операциялық күн ішінде Банкке хабарлауға;

3.2.10. Банк Тарифтерінің өзгеруі туралы, Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Банктің құрылымдық бөлімшелерінде немесе Банктің анықтама қызметінің телефондары арқылы, сондай-ақ интернет-ресурста өздігінен білуге;

3.2.11. Банктің талабы бойынша оған Шектеулері бар шот бойынша операция Қағидалар шеңберінде берілген қарызды нысаналы пайдалану үшін жасалатынын растайтын құжаттарды/ақпаратты дереу ұсынуға.

### **3.3. Банктің құқығы бар:**

3.3.1. есеп айырысу және кассалық операцияларды жүзеге асырмауға:

- Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасын (оның ішінде валюталық), банк қағидаларын, есеп айырысу құжаттарын ресімдеу техникасын, төлем құжаттарын жасау

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

техникасын, оларды банкке ұсыну мерзімдерін бұзғаны туралы куәландыратын фактілер болған кезде;

- егер Клиенттің нұсқаулары және/немесе ол бойынша ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және/немесе Шот бойынша операцияларды жүргізуге тыйым салулар және/немесе шектеулер белгілеуге құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдеріне қайшы келсе;

- егер Клиенттің Шектеулері бар шот бойынша оларды жүргізу нәтижесінде Банктің Қағидалар шеңберінде берген қарызды нысаналы пайдалану бойынша міндеттемелері бұзылуы мүмкін болса;

- егер Клиент Банкке Шектеулері бар шот бойынша операция Қағидалар шеңберінде берілген қарызды нысаналы пайдалану үшін жасалатынын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынбаса;

3.3.2. осы Шарт бойынша Банктің қызметтеріне ақы төлеу бойынша Клиенттің берешегі болған кезде Клиенттің нұсқауларын орындамауға;

3.3.3. Клиенттен операцияның егжей-тегжейін нақтылайтын қажетті қосымша құжаттарды не Шот (-тар) бойынша операциялар жүргізу және өзге де банктік қызметтер көрсету кезінде Клиенттің қызметі қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастырумен (жылыстатумен) немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты емес екенін айқындауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттарды талап етуге;

3.3.4. Банк көрсеткен қызметтер үшін Клиенттің барлық Шоттарынан, сондай-ақ Шотқа (Шоттарға) қате аударылған ақшадан ұлттық және/немесе шетелдік валютада (шот валютасына қарамастан) және осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Клиентті бұл туралы кейіннен хабардар ете отырып, даусыз тәртіппен есептен шығаруды жүргізуге;

3.3.5. түзетулері, өшірілген, сызылған, сондай-ақ қолдан жасалған өзге де көрінетін белгілері бар төлем құжаттарын орындауға қабылдамауға;

3.3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе шоттағы ақшаға тыйым салу құқығы бар уәкілетті органдардың тиісті шешімдерінің (қаулыларының, өкімдерінің және т. б.) негізінде Клиенттің Шотындағы (Шоттарындағы) операцияларды тоқтата тұруға немесе ақшаға тыйым салуға;

3.3.7. техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда СМС-хабарлама арқылы және/немесе электрондық пошта арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын қайтару туралы ақпаратты жіберуге;

3.3.8. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, сондай-ақ жүргізіліп жатқан операция халықаралық санкцияларды бұзған жағдайларда ақша операцияларын жүргізбеуге, сондай-ақ тоқтата тұруға;

3.3.9 Шоттағы (Шоттардағы) ақшаға тыйым салу немесе Шот (-тар) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдердің (қаулылардың, өкімдердің және т. б.) күшін жою туралы уәкілетті органдардың тиісті жазбаша құжаттарының негізінде Шот (-тар) бойынша операцияларды қайта жаңғыртуға;

3.3.10. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың нұсқаулары бойынша Клиенттің Шотынан (Шоттарынан) ақшаны есептен шығаруды жүзеге асыруға;

3.3.11. Банктің қызметтеріне Тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, Банктің қызметтеріне жаңа Тарифтер енгізуге және бұл туралы Клиентті [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) Банктің интернет – ресурсында енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Банктің

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

операциялық залдарындағы хабарландырулар және басқа байланыс арналары арқылы Тарифтерді орналастыру жолымен хабардар етуге. Бұл жағдайда Клиент тиісті түрде ақпараттандырылған Банк болып саналады және жоғарыда аталған тәсілдермен ақпарат жарияланған сәттен бастап банктік қызмет көрсетудің тарифтері мен өзге де шарттарына енгізілген түзетулермен келіседі;

3.3.12. осы Шартқа осы Шарттың 6.6. тармағында көзделген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

3.3.13. Банк Клиенттің Шоты (Шоттары) бойынша жүргізілген операциялар бойынша олар жүргізілген кезден бастап 35 (отыз бес) күнтізбелік күн ішінде наразылықтарын алмаған жағдайда, операция расталған болып есептеледі және Клиенттің болашақта ешқандай наразылықтары болмайды;

3.3.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес 1 (бір) күнтізбелік жылдан астам уақыт Шотта (Шоттарда) ақша және қозғалыс болмаған жағдайда, оған орындалмаған талаптардың болуына қарамастан, Клиенттің Шотты (Шоттарды) жабуға өтініші мен хабарламасынсыз Шотты (Шоттарды) жабуға.

#### **3.4. Клиенттің құқығы бар:**

3.4.1. ақшаға билік ету Банктің Клиентке Қағидалар шеңберінде берген қарызын мақсатсыз пайдалануға әкеп соқтыратын жағдайларды қоспағанда, оның Банктегі Шотындағы (Шоттарындағы) ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіппен және тәсілдермен өздігінен билік етуге;

3.4.2. Банк белгілеген операциялық күн ішінде Банктегі өз Шоты (Шоттары) бойынша операциялар жасауға. Операциялық күннің уақытын өзгерту бұл туралы Клиентті Банктің операциялық залдарындағы хабарландырулар арқылы хабардар ете отырып, Банк жүргізеді. Ағымдағы күнтізбелік күнмен операциялық күн аяқталғаннан кейін алынған құжаттарды Банк келесі операциялық күні орындауға қабылдайды;

3.4.3. Банкте белгіленген операциялық күн аяқталғанға дейін Банкке төлеуге жататын комиссиялық сыйақыны ескере отырып, Шот (-тар) сальдосы шегінде Шот (-тар) бойынша операциялар жүргізу туралы Банкке нұсқау беруге;

3.4.4. Банкке осындай операция жүргізілген күннен бастап 35 (отыз бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Шот (-тар) бойынша үзінді көшірмеде көрсетілген Шот (-тар) бойынша операцияға дау айту туралы өтініш беруге.

### **4. ҚАРЖЫЛЫҚ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР**

4.1. Шот (-тарды) ашу үшін, Клиенттің Шотына (Шоттарына) қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету үшін комиссия төлеуді Клиент осы Шарттың 3.3.4. тармағында белгіленген тәртіппен Банк бекіткен тарифтерге сәйкес жүзеге асырады. Осымен Клиент Банкке осы Шарт бойынша қызмет көрсету сәтінде қолданылатын және [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) мекенжайы бойынша орналастырылған Тарифтер бойынша қызметтерді төлеуге өз келісімін берді.

Тарифтер Клиенттің бұл туралы хабарламасын Банктің операциялық залдарындағы хабарландырулар арқылы немесе ақпаратты Банктің интернет ресурсында [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) мекенжайы бойынша орналастыру арқылы орналастырғаннан кейін өзгертілген болып есептеледі.

4.2. Пошта жөнелтілімдеріне, хабарламалар мен хабарландыруларға, оның ішінде Клиенттің келісімін (нұсқауын) талап ететін төлем талаптарын жеткізуге арналған шығыстарға ақы төлеу, сондай-ақ Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға байланысты өзге де іс-әрекеттеріне ақы төлеу осы Шарттың 3.3.4. тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

## 5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Банк төлемдерді және/немесе ақша аударымдарын жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Банк клиенттің таңдауы бойынша мыналарды төлейді:

- нақты келтірілген шығындар, бірақ жіберіп алған пайда емес;
- не төлемдерді және/немесе ақша аударымдарын жүргізу сәтінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, мерзімі өткен әрбір күн үшін төлем және/немесе аударым сомасына шаққандағы тұрақсыздық айыбы.

5.2. Банк Клиент алдында мыналар үшін жауап бермейді:

- Клиентке Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары қолданатын іс-әрекеттермен, шешімдермен (қаулылармен, өкімдермен және т. б.), санкциялармен, сондай-ақ Клиенттің Шоты (Шоттары) бойынша Банктің кінәсі дәлелденбеген жағдайда, Клиенттің атынан Банкке ұсынылған Клиенттің жалған нұсқауларын Банктің орындауы салдарынан, сондай-ақ - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің алдын ала келісімін талап етпейтін инкассольдік өкімдер және/немесе төлем талаптары негізінде үшінші тұлғалардың Шотынан (Шоттарынан) ақшаны есептен шығару нәтижесінде келтірілген залалдар үшін;

- осы Шартты орындау шеңберінде Клиенттің талабы бойынша Банк жүргізген немесе жүргізетін ақша аударымына қатысты халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және/немесе мемлекеттік емес ұйымдар қолданатын әрекеттер, шешімдер (қаулылар, өкімдер және т. б.), санкциялар үшін;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот (-тар) бойынша операцияларды жүргізуге тыйым салулар мен шектеулер белгіленген жағдайда өз міндеттемелерін орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін;

- Клиенттің не үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық емес немесе нақты емес нұсқаулықтары нәтижесінде және Банкке тәуелді емес басқа да себептер бойынша туындаған осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

- заңсыз немесе жалған құжаттар бойынша әрекет еткен үшінші тұлғалармен келтірілген залал үшін;

- осы Шарттың 3.3.13. тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін клиент растаған операциялар бойынша.

5.3. Егер Клиенттің Шоты (Шоттары) бойынша операциялар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және есеп айырысу операциясына қатысатын корреспондент банктердің кінәсінен кешіктірілсе, сондай-ақ осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындамағаны немесе орындамағаны үшін, егер мұндай уақтылы орындамау не орындамау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тыйымдардан және (немесе) шектеулерден туындаса, және Клиент осы Шарттың 3.2.4. тармағында көзделген міндеттемелерді тиісінше орындамаған не орындамаған жағдайда, Банк Клиент алдында жауап бермейді.

5.4. Клиент осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін осы шығын нәтижесінде Банк шеккен мөлшерде жауапты болады.

5.5. Егер орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайы еңсерілмейтін күштің (форс-мажор) күтпеген жағдайларының салдары болып табылса, Тараптар Шарт бойынша

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы тарауда көзделген жауаптылықтан босатылады.

5.6. Тараптардың еңсерілмейтін күш жағдайлары деп Клиент Өтінішке қол қойғаннан кейін туындаған, Тараптардың ерік-жігерінен қарамастан туындаған, Тараптар басталуы мен іс-әрекетіне белгілі бір жағдайда еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптан талап ету және күту әділ болатын шаралар мен құралдардың көмегімен кедергі келтіре алмайтын сыртқы және төтенше оқиғалар, соның ішінде табиғи және техногендік сипаттағы дүлей зілзалалар, ереуілдер, әскери іс - қимылдар, коммуналдық қызметтерді жеткізуші компаниялардың іс-әрекеттері, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметіне тыйым салатын немесе шектейтін іс-әрекеттері мен шешімдері, бағдарламалық қамтамасыз етудің іркілістері, электр энергиясының ажыратылуы, байланыс желілерінің зақымдануы және Тараптардың еркіне тәуелді емес, Шарт мәніне тікелей байланысты басқа да жағдайлар қабылданады.

5.7. Осы Шарттың 5.6. тармағында көрсетілген жағдайлардың салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап осы жағдайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы екінші Тарапқа ақылға қонымды мерзімде хабарлауға тиіс.

5.8. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарттың талаптарына сәйкес Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін жауапты болады.

5.9. Үшінші тұлғалардың төлем құжаттары (инкассолық өкімдері, төлем талаптары) бойынша Клиенттің Шотынан (Шоттарынан) ақшаны негізсіз есептен шығарғаны үшін осындай төлем құжаттарын жөнелтушілер (өндіріп алушылар) жауапты болады. Банк Клиенттің оның келісімінсіз Шоттардан ақшаны есептен шығаруға қарсылығын мәні бойынша қарастырмайды.

5.10. Ақшалай чектерді тиісінше пайдаланбағаны, чек кітапшасын немесе жекелеген толтырылмаған чектерді басқа тұлғаға беру, олардың жоғалуы не ұрлануы салдарынан, сол сияқты Клиент чектерге қол қоюға уәкілеттік берген адамдар тарапынан теріс пайдаланылуы салдарынан келтірілген залал үшін Клиент жауапты болады.

## **6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР**

6.1. Осы Шарт ол күшіне енген сәттен бастап мерзімсіз қолданылады. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біржақты тәртіппен, сондай-ақ Тараптардың кез келгенінің қалауы бойынша Тараптардың осы Шартта көзделген орындалмаған қаржылық және өзге де өзара міндеттемелері болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген нормаларға сәйкес Шотқа (Шоттарға) қатысты орындалмаған талаптар болмаған жағдайда бұзылуы мүмкін.

6.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк бұл туралы Клиентке жазбаша түрде, бұзу күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлай отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Клиенттің Шоттарында ақша қаражаты болған кезде Банк қалдықтардың сомасын Клиент бұрын көрсеткен деректемелерге аударады. Деректемелер болмаған кезде Банк ақша қалдықтарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларында көзделген тиісті шоттарға орналастырады.

6.3. Осы Шартты бұзғысы келетін Клиент мұндай талап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жағдайларды қоспағанда, бұл туралы Банкті бұзған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етуге міндетті, бұл ретте

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)

банктік шотты жабу туралы өтініш ол ашылған сәттен бастап үш банк күні өткен соң беріледі.

6.4. Осы Шарт бойынша және оған байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Банктің не осы Шарт жасалған Банктің филиалының, өзге де құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралуға жатады.

6.5. Осы Шарт бойынша Тараптардың барлық қатынастары, сондай-ақ осы Шартта көзделмеген, бірақ одан туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелуге жатады.

6.6. Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды Банк шартты [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz) интернет-ресурсында жаңа редакцияда орналастыру арқылы енгізеді және олар осындай орналастыру сәтінен бастап күшіне енеді.

6.7. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

## **7. БАНКТИҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:**

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» Акционерлік Қоғамы

050000, Алматы қ., Құрманғазы көш., 61 А

БСН 090740019001

Корреспонденттік шот

KZ23125KZT1001300883 (теңге)

KZ87125USD2001300883 (АҚШ доллары)

ҚР Ұлттық Банкі РММ, Алматы қ.

БСК NBRKKZKX

\*Шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін портфельдік субсидиялауды және ішінара кепілдік беруді ұсыну Қағидалары аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 ж. 31-желтоқсандағы №1060 Қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Ереже) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында / \*В рамках Правил предоставления портфельного субсидирования части ставки вознаграждения и частичного гарантирования по кредитам/микрокредитам субъектов малого, в том числе микропредпринимательства, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 года, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан №1060 от 31 декабря 2019 года (далее – Правила)



## ДОГОВОР БАНКОВСКОГО СЧЕТА ПО ПРОДУКТУ «ЦИФРОВОЙ БИЗНЕС-КРЕДИТ»

Настоящим Договором банковского счета по продукту «Цифровой бизнес-кредит» (далее - Договор) определяются условия и порядок осуществления АО «Банк Фридом Финанс Казахстан» (далее по тексту - Банк) операций по открытию, ведению и закрытию текущих счетов Клиентом. Клиентом по тексту настоящего Договора является индивидуальный предприниматель (гражданин Республики Казахстан), заключивший с Банком настоящий Договор. Текст настоящего Договора размещен на интернет-ресурсе Банка: [www.bankffin.kz](http://www.bankffin.kz).

### 2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Условия настоящего Договора определены в стандартной форме и могут быть приняты Клиентом не иначе как путем подписания Заявления о присоединении к настоящему Договору по форме, являющейся Приложением № 1 к настоящему Договору (далее по тексту - Заявление). Подписание Клиентом Заявления к настоящему Договору означает присоединение Клиента к настоящему Договору в целом.

1.2. На основании подписанного Клиентом Заявления и настоящего Договора, Банк открывает Клиенту два текущих счета (далее - Счет) и выполняет операции по Счету (– ам), предусмотренные законодательством Республики Казахстан и установленными в соответствии с ним банковскими правилами, применяемыми в банковской практике.

1.3. По Договору Клиенту открываются следующие Счета:

- 1) Текущий счет, на который Банком зачисляются деньги по займу, выданному Банком Клиенту, с ограничениями, указанными в пункте 1.4. Договора (далее – Счет с ограничениями);
- 2) Текущий счет без ограничений (за исключением ограничений, предусмотренных в законодательстве Республики Казахстан) (далее – Счет без ограничений).

Реквизиты (индивидуальный идентификационный код) и валюта Счетов указываются в Заявлении.

